

№1 хаттамасынан көшірме

Күні: 17.09.2023ж.

Қатысқындар: «Венера» жеке бөбекжайы»

директоры: В.Б.Джуламанова

хатшы Нұримова Тұрсынхан

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. Бөбекжай қамқоршылық кеңесін ұйымдастырудың тиімділігі, нормативтік құқықтық негіздері;
2. Қамқоршылық кеңесін құру, төрағасы мен мүшелерін сайлау;
3. Қамқоршылық кеңесінің жоспарымен таныстыру;

1. Бірінші мәселе бойынша: бөбекжай директоры білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесін ұйымдастыру қажеттілігі туралы айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің қызметін реттеуші нормативтік-құқықтық негіздері талқыланады. Бұл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығына сәйкес қамқоршылық кеңесі туралы ережесімен таныстырды.
2. Екінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңес мүшелері құрылды.
 - 1.Кусайнова Дамира Аубековна-төрайым
 - 2.Қошетова Шолпан Кадешовна-мүшесі
 - 3.Ахан Жанат Иебергенқызы-мүшесі
 - 4.Көптілеу Гүлфайруз Өмірзаққызы -мүшесі
 - 5.Кадырбаев Миргали Каламғалиевич -мүшесі
 - 6.Темешова Акбобек Сансызбаевна -мүшесі
 - 7.Шагнетдинова Наиля Рашидовна -мүшесі
3. Үшінші маселе бойынша: Бөбекжай менгерушісі білім беру ұйымында қамқоршылық кеңесінін жоспарыммен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңес дегеніміз-қоғам мен бөбекжай арасындағы өзара қарым-қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бебекжай арасындағы байланысты орнатуға мумкіндік беретін ұйым.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің қызметін реттеуші нормативтік-құқықтық негіздері талқыланып, 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығына сәйкес қамқоршылық кеңесі жұмыстансын.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз шешімдерін қабылдап, қол қойылсын.
3. Қамқоршылық кеңестің жоспары бекітілсін. Бөбекжай арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік жасалсын.

Хатшы: Нұримова Тұрсынхан

20.01.2024 жылы күні

Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті

№2 Хаттама

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Қатысқындар: «Венера» жеке бөбекжайы»

директоры: В.Б.Джуламанова

хатшы Нұримова Тұрсынхан

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын қабылдау

2.ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексі

Тыңдалды: Жиналысты бөбекжай директоры В.Б.Джуламанова ашты «Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жою бастамасымен жетістіктерін жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да ҚР мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресі болып табылады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы ҚР Заңының 10-бабына сәйкес ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатқа ие. Осы стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған. Стандарттың міндеттеріне адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру және қағидаттарына заңдылық, ашықтық, әдептілік сонымен қатар жеке және заңды тұлғалардың құқықтарымен мүдделерін сақтау сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау, мүдделер қақтығысын болдырмау»

Сөз сөйледі: Қамқоршылық кеңес төрайымы Кусайнова Дамира Аубековна сөз алып «Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қақтығыстарға төтеп беріп, қай жерде мол қаржы, пайда болса сол жерге тамыр жайып бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Осы жоғарыда аталған стандартқа сай жемқорлықтық

алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізіліп тұрса азда болса мемлекетіміз үшін жасалған іс болып табылары сөзсіз»- деп қорытындылады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Кошетова Шолпан Кадешовна «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бойынша кез-келген салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтарымен заңды мүдделерін іске асыру барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, моральдық-әдептілік нормалардың сақтау, сыпайылық таныту, шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратпау жемқорлыққа қарсы күрес боп табылады»

Екінші мәселе бойынша ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексі туралы бөбекжай директоры жалпы ережелерге тоқталып өтті. Әдеп кодексі ҚР Конституциясына және ҚР сыбайлас жемқорлық туралы заңына, моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын талаптарды және сондай-ақ мінез-құлқының негізгі стандартын белгілейді.

Хатшы : Нұримова Тұрсынхан

Қамқоршылық кеңесі отырысының

№3 хаттамасы

Өткізілген күні: 16.05.2024 жыл

Қатысқындар: «Венера» жеке бөбекжайы»

директоры: В.Б.Джуламанова

хатшы Нұримова Тұрсынхан

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру
-медбике
 2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау
 3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі
- Д. А.Кусайнова - Қамқоршылық кеңесінің төрайымы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті, Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің төрайымы 2023-2024оқу жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Ол құрылған балабақшаның қамқоршылық кеңесі 9 мүшеден құрылғанын, жұмыс жоспарына сай 3 отырыс жоспарланғанын, барлық отырыстар өз уақытысында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірлер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Кадырбаев Миргали Каламғалиевич -Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

Балабақшада балалардың шынығуына жағдай жасалған. Жыл сайын жазғы сауықтыру жұмысында, құммен ойындар жүргізілетінін көріп жүрміз.

Ахан Жанат Иебергенқызы -Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

Жазғы мезгілде таңертеңгі қабылдаудан бастап таза ауда жүргізіледі. Таңертеңгі жаттығу балабақша ауласында жүргізілетініне балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көңілге қонымды.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайымы қорытындылады. Ол жалпы балабақшада жазғы сауықтыру мезгіліндегі жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдірестіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

- 1.Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.
- 2.Балабақшада құрылған Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін,

Хатшы Нұримова Тұрсынхан